

## БЕКІТЕМІН

Астана қаласы әкімдігінің  
«Әдістемелік орталығы» МКҚК  
басшысының м.а.

«*А.М.*» *10.09* 2024 жыл  
А.Мұхамеджанова



### АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ПЕДАГОГТЕРІ МЕН СТУДЕНТТЕРІНЕ АРНАЛҒАН «ҰЛЫ ТҰЛҒА – СӘКЕН» ҚАЛАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

#### I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Ереже Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл толуына арналған «Ұлы тұлға – Сәкен» конференциясының (бұдан әрі – Конференция) мақсатын, міндеттерін, тәртібі мен жұмысының негізгі бағыттарын айқындайды.

1.2. Конференцияны ұйымдастырушылар – Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК, «М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы» АҚ «Ақмола колледжі» ЖШС-гі.

1.3. Мақсаты: «Біртұтас тәрбие» білім беру бағдарламасын жүзеге асыру аясында жеке басты құндылықтарды қалыптастыру.

Міндеттері:

- ✓ халықпен бірлік пен өз мемлекетінің дамуы үшін жеке жауапкершілікті сезіну құндылығын дамыту;
- ✓ Сәкен Сейфуллин шығармалары арқылы тарих, мәдениет, салт-дәстүр туралы білімдерін кеңейту;
- ✓ оқу мәдениетін, шешендік қабілеттерін және шығармашылығын тәрбиелеу.

#### II. КОНФЕРЕНЦИЯҒА ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ

2.1. Конференцияға Астана қаласындағы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының оқытушылары мен студенттері қатысады.

2.2. Конференцияның өтетін күні мен уақыты: 2024 жылғы 1 қазан, сағат 15.00.

2.3. Өтетін орны: «М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы» АҚ «Ақмола колледжі» ЖШС-гі.

2.4. Конференцияның тілі: қазақ, орыс, ағылшын.

2.5. Қатысу формасы: онлайн,офлайн,

#### III. КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ БАҒЫТТАРЫ МЕН РЕГЛАМЕНТІ

3.1. Конференция 2 кезеңнен тұрады:

- 1 - кезең онлайн. «Ұлы тұлға-Сәкен» мәнерлеп оқу сайысы.

3.2. «Ұлы тұлға-Сәкен» мәнерлеп оқу байқауына өтінімдер 2024 жылдың 20 қыркүйегіне дейін [ipo@astana-modern.edu.kz](mailto:ipo@astana-modern.edu.kz) электронды поштасы арқылы қабылданады (1-қосымша).

3.3. Көрсетілген мерзімнен кешіктірілген жұмыстар қабылданбайды. Байқауға бір колледжден 3 студент қатыса алады.



3.3.1. Мәнерлеп оқу сайысының бағалау критерийлері:

- байқау тақырыбына сәйкестігі;
- қатысушының шешендік қабілеттері (материалды баяндау, оқудың мәнерлілігі, сахна мәдениеті);
- уақыт шегін 5 минуттан артық емес сақтау.

3.3.2 Әр бағалау критерийі бойынша жұмыстар 0-ден 10 ұпайға дейін бағаланады.

3.4. «Ұлы тұлға – Сәкен» мәнерлеп оқу сайысы 2024 жылдың 26 қыркүйегінде бағаланады. Байқау нәтижелері <https://astana-modern.edu.kz/ru/> Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталық» мемлекеттік қазыналық кәсіпорны сайтында орналастырылады.

3.5. Байқауға қатысушыларды марапаттау екінші кезеңде офлайн режимде өтеді.

- 2-кезең офлайн. Конференцияға ғылыми-педагогикалық қоғамдастықтың өкілдері, филология саласының мамандары, оқытушылар мен колледж студенттері қатысады.

3.5. Конференцияға қатысушының өтініші мен материалдары 2024 жылдың 20 қыркүйегін қоса алғанда қабылданады. (2,3 қосымша).

3.6. Колледж оқытушысы келесі бағыттар бойынша бір ғана жұмыс ұсына алады:

- Сәкен Сейфуллин – мемлекет және қоғам қайраткері;
- Сәкен Сейфуллиннің ғылыми-танымдық қызметі;
- Сейфуллин әдеби мұрасының жастардың рухани-адамгершілік тәрбиесіне әсері.

3.7. Баяндамаға қойылатын талаптар:

- тақырыптың өзектілігін негіздеу;
- жұмыстың ғылыми және практикалық маңыздылығы;
- зерттелетін мәселені талдау және жаппылау;
- жұмыс туралы өзіндік қорытынды жасау;
- 4 беттен артық емес.

Талаптарына сәйкес келмейтін материалдар қабылданбайды.

#### **IV. КОНФЕРЕНЦИЯНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ**

4.1. Конференцияны ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі – ұйымдастыру комитеті) басқарады. Ұйымдастыру комитетінің құрамы:

- Исина Н.С., Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ТЖКБ бөлімінің әдіскері, байланыс телефоны, + 77016447318;
- Сарсенбаева А.О. «М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы» АҚ «Ақмола колледжі» ЖШС директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, байланыс телефоны, +7 7019052182;
- Құсайынова М., «М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы» АҚ «Ақмола колледжі» ЖШС әдіскері, +7 708 205 5135.

4.2. Ұйымдастыру комитеті Конференцияның Ережесін, ілеспе құжаттаманы әзірлейді, қатысушыларды тіркейді, тізімдер жасайды, хаттамалар дайындайды, ресми интернет-ресурста, әлеуметтік желілерде ақпаратты жариялайды, марапаттау рәсімін ұйымдастырады.

4.3. Байқаудың қазылар алқасы қатысушылардың жұмыстарын бағалап, «Поэзия» және «Проза» бағыттары бойынша жеңімпаздарды анықтайды.

#### **V. КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

5.1. Конференцияның секциялық отырыстарына қатысушыларға сертификаттар беріледі.

5.2. Қатысушылар мақалаларының жинағы Әдістемелік орталықтың <https://astana-modern.edu.kz/ru/> және <https://kazatkastana.edu.kz/> және «М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы» АҚ «Ақмола колледжі» ЖШС сайтында жарияланады.

5.3. «Ұлы тұлға – Сәкен» мәнерлеп оқу байқауының жеңімпаздары мен жүлдегерлері (әр бағыт бойынша) I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады.

5.4. Конференция туралы ақпарат <https://astana-modern.edu.kz/ru/> Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» сайтына МКҚК да жарияланады.



## «Ұлы тұлға-сәкен» мәнерлеп оқу байқауына қатысушының өтінімі

№	Студенттің аты- жөні	Жетекшінің аты-жөні	ТЖКБ ұйымының атауы	«Поэзия» немесе «Проза» бағыты Шығарма атауы	Орындау тілі	Сілтеме	Байланыс телефоны, электрондық пошта

Күні, айы, жылы

Директордың аты жөні, қолы

2 қосымша

## «Ұлы тұлға-Сәкен» конференциясына қатысушының өтінімі

№	Педагогтың аты-жөні	ТЖКБ ұйымының атауы	Баяндама тақырыбы	Бағыты	Байланыс телефоны, электрондық пошта

Күні, айы, жылы

Директордың аты жөні, қолы

3 қосымша

Мақаланы жариялауға арналған үлгі  
(1 интервал)**Алимжанова Енлик Болатовна**

оқытушы.....

колледж .....

(1 интервал)

Microsoft Word файлы, Times New Roman шрифті, А4 пішімі, бағыты – кітапшы, өлшемі – 14 (суреттер мен кестелерде – кемінде 12), интервал – 1,0, жоғарғы және төменгі жиектер – 2 см, сол жақта – 3 см, оң жақта – 1,5 см, абзац: бірінші жол – шегініс 1,25 см, туралау – ені, мақала көлемі – 4-5 беттен аспайды.. Дәйексөздерге, цифрларға, құжаттарға және т.б. библиографиялық сілтемелер – төртбұрышты жақшада [ [...] ] және олар көрсетілгендей мақаланың соңындағы әдебиеттер тізімінде көрсетіледі. Бет нөмірлері қойылмайды. Ұсынылатын қосымшалар: Microsoft Equation CorelDraw, Excel бағдарламасында.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

(1 интервал)